

Айтарым бар

АНАРБЕКТЕН РҰҚСАТ СҰРАУЫМЫЗ КЕРЕК ПЕ?

Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің үстіміздегі жылдың 25 қаңтарындағы 7-ші санында шыққан Анарбек Бердібаевтың «Ардагерлерге газет қажет пе?» деген тақырыппен шыққан мақаласын оқып, қатты назаландым.



Қашаннан бері «Ардагерлерге ненің қажет, ненің қажет еместігін» Анарбек балам шешетін болған. Алдымыз Ұлы Отан соғысына дейін, артымыз одан кейін дүниеге келіп, өмірдің сұрлеулі соқпақты жолдарынан өтіп, шамамыз келгенше еліміздің өркендеп, да-

муына үлес қосып, осыншама жасқа келген біздерді «газет қажет пе?» руханияттан шектеу ақылға қона ма? Басқасын айтпағанда менің жасым 89-ға келді. Кітап, газет оқумен көзімді ашқан мен «Егемен Қазақстаннан» бастап елімізде шығатын бірқатар ба-

сылымдарды, оның ішінде «Алатау арайын» осы күнге дейін жаздыртып аламын.

Ал, «Алатау ардагерінің» жөні айрықша. Осы басылымның алғашқы саны жарыққа шыққанда замандастарымнан сүйінші сұрап, жүрекжарды лебізді білдірген болатынмын. Сол кезде-ақ өзіміздің төл газетіміздің жарыққа шыққанына шынайы қуанышымды білдірдім. Не үшін? Мен сияқты замандастарым да әлеуметтік желіге шықпайды. Жасарымызды жасап, асарымызды асаған біздерді саясат та қызықтырмайды. Біз өзімізге қажетті рухани құндылықты баспасөзден аламыз. Біздерді, облысқа еңбегі сіңген еңбек ардагерлерің, әр түрлі деңгейдегі басшылық қызметте болған азаматтардың, аяулы аналардың өмір жолы, ардагерлердің аудандық кеңестерінің, «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктерінің жұмысы, тарихи-танымдық мақалалар қызықтырады. Бір сөзбен айтқанда, «Алатау ардагері» газеті біздің рухани құндылықтарға байланысты барлық сұранысымызды толық қанағаттандырып отыр.

«Болар елдің баласы бірін бірі батыр дейді» демекші, асылдың сынығы, көненің көзі, өткенді бүгінге жалғап отырған аға буын өкілі-ардагерлер үшін шығып жатқан басылымға тілектестік білдірмей, керісінше күндестік танытып отырған Алматы облысындағы аға газет «Алатау арайының» түпкі мақсатының қандай екендігін мен түсіне алмадым. Сонда біз не істесек те, Анарбектен рұқсат сұрауымыз керек пе?

«Ардагерлерге газет қажет пе?» Әрине, қажет. Өйткені, ол-біздің өміріміздің айнасы.

Төрткен КЕНЕНҚЫЗЫ,
Қазақстанның мәдениет қайраткері,
Алматы облысының және
Іле ауданының Құрметті азаматы.

Ұлы Жеңіске-80 жыл!

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 80 жыл. Бұл көп уақыт болып көрінгенімен, дүниені дүр сілкіндірген осынау дүрбелең кезеңнің қиын-қыстау сәттері күні бүгінге дейін көпшіліктің есінде екені рас.

Ескерткіш орнатылатын болады



Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Сұм соғыстың зардабын мыңдаған қала, миллиондаған адам көргені анық. Шындығында да, бұл-сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш еткен тарихи мезгіл. Ұлы Жеңіс жолында қазақ ұлты да жанын пида етті. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барып, ел үшін етіктерімен қан кешті. Олар Сталинград түбіндегі жергелелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерліктің ерен үлгісін көрсете білді. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында Жеңіс туын көтеріп өтті. Жалпы, Ұлы Отан соғысы жылдарында қандас қаһармандарымыз қатыспаған бірде бір шайқас болмады.

«Біздің жеріміз бен елімізге деген жалынды отты сезіміміз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік.» Бауыржан Момышұлы айтқандай, осы сұрапыл соғыста әр бір қазақстандық азаматтың Отаны үшін еткен ерен ерлігін ел ешқашан ұмытпайды.

Қанқұйлы соғысты бастарынан өткерген майдангерлердің өздері бүгінде ортамызда жоқ. Алайда, ерліктері елге мұра, ұрпаққа ұран болған сол асыл жандар санадан сызылып, ойдан өшпеуі тиіс. Біздің Панфилов ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің бастамасы бойынша Панфилов ауылында ҰОС ардагерлеріне ескерткіш орнату қолға алынуда. Бұл ескерткіш-тахтада Панфилов, Арқабай, Түзсай ауылдарынан соғысқа қатысып келіп, бейбіт өмірде еңбек етіп қайтыс болған 175 жерлестеріміздің аты-жөндері жазылатын болады. Осы тізімнің ішінде Жансеріков Құдайберген соғыста көрсеткен ерліктеріне сай екі рет Кеңестер Одағының батыры атағына ұсынылып, ала алмай қалған батырымыз бар. Бұл соғыс ардагеріне Панфилов ауылынан бір көше берілді. Жеңістің 80 жылдығына орай 2 ҰОС ардагеріне көше атауын беру туралы аудан әкімінің атына ұсыныс берілді.

«Ұлы Жеңіс-Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің де мейрамы» екендігі айдан анық. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіс батыр бабаларымыздың қаһармандық рухы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болады деп санаймын. «Ерлік ешқашан ұмытылмайды!»

Н.МЫҚТЫБАЕВА,
Панфилов ауылдық округі
әкімінің орынбасары.

ОРТАҚ СИПАТ-ӨМІРШЕҢДІКТІҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Анарбек Бердібаевтың Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің кезекті нөмірінде жарияланған «Ардагерлерге газет қажет пе?» деген мақаласына орай ардагер-журналист ретінде өз ойымды пікірімді білдіруді жөн көрдім. Иә, әркім өзінің ой-пікірін ашық білдіруге құқылы. Оған шектеу қойылмауы да керек. Десе де, «Айтпаса, сөздің атасы өлетін» болып тұр.

Біріншіден, «Ардагерлерге газет қажет пе, қажет емес пе?» деп пікір таластырудың өзі артықтау. Өйткені облыстық, қалалық, аудандық басылымдардың қайсысының болмасын көзқаракты оқырмандарының сан жағынан көш бастайтыны осы - аға буын өкілдері. Баспасөзге жазылу науқанына ықыластық танытып, оның шын жанашыр-



лары да-ардагерлер. Оны ешбір басылымның редакторлары жоққа шығара алмайды. Өйткені ардагерлер жастайынан кітап пен газет-журналдарды жастана оқып, сонымен сусындап өскен, рухани бұлақтан қанып ішкендердің санатында. Маған мақала тақырыбының тұрпайылау көрініп тұрғандығы сондықтан.

Екіншіден, «Салалық, арнайы газеттер шығару «бүйректен сирақ шығару» емес пе?» деген сауалдың өзі қарадүрсіндеу. Қазір нарық заманы. Тәуекелге бел буып, түрлі кәсіпті меңгеріп жатқандардың берік ұстанған бағыты-нарық заңдылығы. Үкімет те «кәсібінді аш та, жұмыс істе» деп отыр. Ал облыс ардагерлерінің сұранысы ескеріліп,

төл басылымы жарық көріп жатса, бұған кімнің қандай таласы болуы мүмкін?

Үшіншіден, соңғы 10 жылдың бедерінде газет тиражын көтеру, яғни оқырмандардың санын көбейту-кез-келген басылым ұжымының бас ауруы. Оны Қонаев қалалық «Нұрлы өлке» газетінде бас редактордың орынбасары болып жұмыс істеген 12 жыл ішінде талай мекеме мен кәсіпорындардың табалдырығын тоздырған маған аса таңсық та емес.

Көз ілеспес жылдамдықпен дәуірі жүріп тұрған әлеуметтік желілер мен интернеттің қоғамға сіңісті болып, кенінен таралуы газет-журналдардың адымын тұсап тұрғанын дәл бүгінгі таңда ешкім жоққа шығара алмайды. Қандай басылым болмасын тығырықтан шығар жолды өздері іздеп, айла-амалдарын қарастырып жатқандары тек өздеріне ғана аян. Мақала авторының «Баспасөзге жазылу кезінде ауданның, ауылдың ардагерлер алқасының басшылары жергілікті газеттерге бәсекелес болып, «атқа мініп» жарнамалаулары ерсі емес пе?!» деген сөз саптасына айтар уәж әрбір оқырман өз таңдауын жасайды. Бұл жерде менеджердің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті алдыға шығатындығын ұмытпасак керек.

Төртіншіден, мәселен, Қонаев қаласында 9 мыңнан астам еңбек ардагерлері бар. Бірақ олардың барлығы жаппай «Алатау ардагері» газетіне жазылып жатқан жоқ. Әрқайсысының өздерінің таңдап, сүйіп оқитын газет-журналдарына жазылуға құлықты. Десе де жыл сайын күзгі, жазғы мезгілдерде айналып келіп тұратын баспасөзге жазылу науқаны барысында үгіт-насихат жұмыстарын өрістетудің ықпалын арттыру газет пен оқырман арасындағы кері байланысты нығайту оң нәтиже беретіндігін ұмытпаған жөн.

Бесіншіден, қазақ тілді газет пен журналдардың саны артып жатса, қуануымыз керек. «Бас-басына басылым ашпай, үй ішінен үй тікпей» деп «айғайға ойбай қоспай», газет сататын дүңгіршектерде самсап тұрған «орыс



тіліндегі басылымдар неге көп?» деген сауалға бас қатырып, мәселе көтерсе одан гөрі маңыздырақ болар еді. Бұқаралық баспасөз құралдарының шоғырына «Алатау ардагерінің» қосылғанына тілекші болып, ақжол тілесек әлдеқайда жарасымды болмас па?

Бәсекелестік бар жерде ілгерілеу болады. Бәсекелестіктің түпкі міндеті - өзі және басқалар үшін игіліктер жасау. Ал бұған жету үшін ізденіс, еңбек, жасампаздық және нәтиже керек. Оның жалпыға ортақ сипаты - әріптестерінен қорғану, үзеңгілес жүру және басып озу. Осы үш түрлі сипат бәсекелестіктің қай саласында да өміршендігін жоғалтпайтын құндылықтар болып саналады. Менің пайымдауымша, өкінішке орай мақала авторы Анарбек Бердібаев осыны ескермеген сияқты.

«Алатау арайы» мен «Алатау ардагері» газеттері ортақ сипатты қатар еншілеп, журналистік ынтымақтастыққа сызат түсірмей, бірінің жетістігіне екіншісі сүйініп жүрсе, әлдеқайда жарасымды емес пе? Бәлісе алмай жүрген түгіміз де жоқ. Айналып келгенде илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы екендігін ұмытпайық.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ,
Қазақ журналистикасының қайраткері,
Қонаев қаласы мен Балқаш ауданының
Құрметті азаматы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Ұйғыр аудандық филиалы ауданымызда және облысымызда жауапты қызметтер атқарған, бүгінде сол бейнеттің зейнетін көріп жүрген жерлесіміз, ауданымыздың «Құрметті азаматы», «Алматы облысының құрметті ардагері» Бидайбеков Зәріпке Алматы облыстық маслихатының 2025 жылғы 20 наурыздағы 35-188 шешімімен «Алматы облысының құрметті азаматы» атағы берілуімен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақытты қариялық, отбасына амандық тілейді.

Аудандық ардагерлер ұйымы.

Наурыз

Ұлттық киім ұлықталған күн

Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, көктем тойын тойлатып, Әз-Наурыз келді. Осыған орай, Республикалық Наурыз мерекесіне арналған онкүндік шеңберінде Кеген ауылының орталық алаңында 18 наурыз – «Ұлттық киім» күні аталып өтті.



Ұлттық киім-кез келген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол-жай ғана киім емес, бүтін ұлттың бет-бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих.

Іс-шараның мақсаты-салт-дәстүр мен мәдени мұраны сақтап, қазақтың ұлттық киім үлгілерін көпшілікке насихаттау арқылы қазақтың киім кию үлгісін заманауи жаңғырту.

Орталық алаңда заманауи стильдегі ұлттық костюмдер киген бірқатар мекемелердің қызметкерлері, аудан тұрғындары мен оқушылардың шеруі өтіп, көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ұлттық киім киген керуенге ақ жаулықты әжелер шашу шашып, құтты болсын десті.

Мерекені жаңа форматта атап өткен аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев:

- Бұл күні адамдар өздерінің мәдениеті мен тарихына, ата-бабаларына құрмет көрсету және өз мұраларын басқалармен бөлісу үшін ұлттық киім киеді. Ұлттық киімізге жай киім ретінде емес, бүтін бір ұлттың бет-бейнесін айқындайтын мұра, сан ғасырлық тарихы бар көркем туынды деп қарауымыз керек. Сондықтан, бүгінгі мереке құтты болсын! Ауданымыз тек биіктен көріне берсін!- дей келе, қазақтың ұлттық киімдері өзге халықтарға ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктерімен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқандығын атап өтті.

Аудандық маслихат төрағасы Алмасбек Нұғман Наурыз мейрамымен құттықтап, ұлттық киімді ұлықтауды ерте жастан балаларға түсіндіріп, ұлттық құндылығымызды дәріптеу мен күнделікті киюге ұмтылудың оң бастама екенін тілге тиек етті.

- Бүгін халық рухының кеңдігін, таңғажайып күйін бейнелейтін ұлттық киімнің дизайны мен көркемдігіне, қайталанбас өрнегіне тамсанып, бұл өнердегі бай мұраны зерттеп, одан шабыт алатын күн,- деген аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сабыр Досымбеков көпшілікке наурыз батасын берді.

Іс-шара барысында ақ жаулықты аналар дайындаған сүт өнімдерінен жасалған құрт, ірімшік, май, қатық, наурыз көже және басқа қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Өнерлі жастар Наурыз мерекесіне орай күмбірлетіп күй шертіп, көркем би, әсем әндерін тарту етті.

Қазақы киімнің барша сәнділігі оның ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі жатыр. Сондықтан, дәстүрімізге сай, атадан-балаға мирас болып келе жатқан ұлттық киімдерді ұлықтау мақсатында өткен «Ұлттық киім» күнінің маңызы зор.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.
Кеген ауданы.

ҰЛТТЫҚ КОЛЛЕДЖДЕР ЛИГАСЫ ТАЛҒАРДА

Талғар ауданында орналасқан. Талғар жоғары медициналық колледжінің спорт залында ұлттық колледждер лигасының облыстық кезеңі өз жалауын көтерді.

Мұнда өтетін жарыс біраз күндерге жалғасатын болады. Еліміз бойынша студенттер арасындағы бұқаралық спорттық-патриоттық іс-шаралары көбірек және жиі ұйымдастырылса дегіміз келеді. Елімізде спортты серік еткен жалынды жастарымыз көп болсын. Іріктелген студенттеріміз ел біріншілігінде топ жарып чемпион атансын, сәттілік тілейміз.

Жандос ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ.



Событие

НАУРЫЗ –
праздник из глубины веков

Недавно в посёлке Ынтымак Илийского района, ныне ставшим частью нового города Алатау, прошла встреча праздника Наурыз. Его особенность - жители села и гости отмечали его в новом статусе. Заехав в Ынтымак с восточной стороны, от трассы Алматы-Қонаев, сразу окунулись в праздничную атмосферу. Масса припаркованных машин, людской водовород, ярмарка товаров, очереди за сладостями, көже, шашлыками, разноцветные шары, музыка... Зайдя на территорию самой школы номер 46, заметили: здесь тоже «яблоку негде упасть». Слева - череда юрт... У каждой своя специализация.

В первой мы увидели, как в старину, с помощью шерети, женщины изготавливали войлочные ковры - текемет, алаша, накидки на юрту - узюк, туырлық. У другой юрты организовали мини-выставку настоящих картин местных художников на темы номадства, кочевой жизни и многообразной природы Казахстана. В третьей юрте гостей встретили воины в доспехах жи-

гитов, участвовавших в военных походах. В других - жилищах степняков - домашняя утварь (астау, торсык, куман, саба, булқыншак и др.), в числе которых кубы - древние сосуды для взбивания айрана, шубата, молока. А прямо за юртами стояли дымящие самовары, большой казан. Рядом две женщины бойко катали тесто, разрезая на косые кубики. Через минуту их

бросали в казан и тут же вылавливали из кипящего масла горячие баурсаки. Готово!

Здесь чувствовали раздолье дети и подростки. Борьба, перетягивание каната, шахматы, тоғыз кумалак, поднятие гири, армреслинг и другие виды спорта на их выбор. А тем временем на главной площадке продолжалось театрализованное представление, костюмированное действо - приход Наурыза на священную казахскую землю. Ведущие объявили об открытии бюста выдающемуся философу Востока Аль-Фараби, чьё имя присвоено школе номер 46. В церемонии приняли участие аким города Алатау Аркен Утепов и председатель областного филиала РОО «Организация ветеранов» Ерболат Турумбетов.

После музыкально-танцевальной паузы слово предоставили акиму города Алатау Аркену Утепову. Он поздравил всех жителей и гостей со светлым праздником Наурыз, пожелав счастье и благополучие каждой семье. Ерболат Сапарович, также выступивший как представитель области, поздравил присутствующих с прекрасным праздником Наурыз. Пожелал каждой семье здоровья и мирного неба. Вкратце напомнил, о чем говорил на недавнем национальном курултае в Борабае наш президент Касым-Жомарт Токаев. Наряду со многими вопросами, в

частности в налоговой сфере, были вопросы о социальной ориентированности государства, нравственности и духовности нации. Один из них президент сформулировал так: «Знания, данные без воспитания - злейший враг человечества.» В прошлом году в школах была запущена программа «Быртутас тарбие». Конечная цель проекта - воспитание патриотичного, образованного, созидательного поколения соответствующего идеалам концепции «Адал азамат».

После торжественной части состоялся обход руководством города,

депутатами и гостями организованных выставок, представлений, обрядов, игр, мини-сценок.

С праздником вас, жители нового города Алатау!

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
город Алатау

